

Бекітемін

№4 «Шұғыла» бөбекжай-балабақпасы» МКҚК-ның  
менгерушісі:  С.Мұқашева

Ерекше білімді қажет ететін «Ақбота» тобының тәрбиеленушісі Нұрсылан Нұримаңмен жеке түзету-дамыту жұмыстарының жоспары

2020-2021 оқу жылы

**Мақсаты:** балабақшадағы оқыту, тәрбиелеу жағдайларына барынша бейімдеуді қамтамасыз ету, психологиялық көмек көрсету.

**Міндеттері:**

1. Баланың қызығушылығын, мінез-құлық еріктілігін дамыту.
2. Танымдық процестерді дамыту (есте сақтауды, қабылдауды, зейінді, ойлауды)
3. Баланы қоршаған ортамен қатынасын білу арқылы, ойларын дамыту.
4. Бала өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-әрекеттік даму ортасын құру.

Р/С	Бөлімдер мен тараулар	Түзету - дамыту ойындарының әртүрлілігі	Тапсырмалар	Мақсаты	Мерзімі
1	Ата-анамен сұхбат Баланы бақылау	«Достық жылы күлуден басталады»	«Мен ...сені жақсы көремін» алақан арқылы білдіру. Баланың психолог кабинетіне алғашқы қадамы	Баламен жылы қарым-қатынас жасау. Сенімділігін нығайту.	Қазан
2	Жалпы моториканы дамыту.	«Көңілді доптар» әр-түрлі доптармен ойындар	Менің нұсқауыммен орында: -Оңға, солға қозғал -Еңкейіп жерден зат ал. «Допты ұста» «Допты домалар»	Белдің қозғалысы. Ұстап алуды дамыту (қатысты қимылды дамыту) Жалпы моториканы дамыту	

				қызығушылығын арттыру.	
13	«Ойланамын ойнаймын»	«Хайуанаттар бағыз» Лото	Сурет бояу	Көрнекі ойлауды және елестету элементін дамыту	
14		«Қимылды қайтала» жаттығуы	Ойлаудың зерттеу «Немен жамаймыз»		Сәуір
15		«Балықты аулаймыз»	«Қоршамада не бар?» атын атау	Қоршаған орта заттарымен әрекеттесу, танымдық белсенділігін қалыптастыру.	
16	Көрнекі бейнелі ойлау	Суретті карточкалар	«Кімге қандай тағам ұсынамыз» қыстырғыштармен ойын	Көрнекі бейнелі ойлауды дамыту.	Мамыр
17	Сенсорика есте сақтау	«Көңілді көпіршіктер»	«Орындарын тап» Монтессори заттарын қолдану	Қарапайым нұсқауларды түсінуге және орындауға біліктерін қалыптастыру.	
18		«Су джок» терапиясы	Дұрыс орналастыр	Пішінді қабылдау, орындарын тауып орналастыруға үйрету.	
19		Саусақ жаттығуы «Қоян»	Нүктелер бойымен қоянды салу		Маусым
20		«Көңілді көпіршіктер»	«Шарларды ұшырайық» жапсыруға үйрету	Қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлауға, үлкен-кіші түстерді ажырата алуға, үйрету	
21	Тактильді қимылды қабылдау негізіндегі заттар туралы түсінік	«Ғажайып қалта» дидактикалық ойын	«Екінші жартысын тап» Қаншықтан шыққан заттардың жартысын тауып, бөліктен бүтін құрастыру	Көрнекі -бейнелі логикалық ойлауды дамыту	
		«Нәзік мысық» психогимнастика	«Үстап көр және мүсінін жаса» Үлкен және кішкентай шарлар	Ермексазды үзіп алу, алақан арасына салып домалату, таныс ойыншықты бейнелерімен сәйкестеуді үйрету.	

Педагог-психолог: Нұралы З.

3		«Құсты ұста»	Менің нұсқауыммен орында -Қолды жоғары көтер -Құстар қалай ұшатынын көрсет	Қолдың қозғалысын,жалпы моториканы дамыту.	Қараша
4		«Сезімтал алаң» Күммен ойын	-Сен кішкентай кезінде қандай болдың? Отырып-тұру. Қолды алға созып,көзінді жұмып 5 секунд тұр.	Қозғалыстың динамикалық координациясы кеңістікті бағдарлауды дамыту.	
5	Үсақ моторика. Қолдың көру-қимыл үйлесімділігін және зейінді дамыту ойындары.	Саусақ жаттығуы «Сапамақ» «Пианино» ойыны	Менің нұсқауымды орында: Қолды біртіндеп бүгін шық, содан кейін «Қоянның құлағын көрсет»	Қоғалыс кинестетикалық негізі қол саусақтарының дамуы.	Желтоқсан
6		«Қуыршақты киіндіреміз»	Екі қолмен бірге көздірікті көрсет «Әже көздірік киелі әже маған қарады»	Ересек адамның әрекетін бақылауға,қолдың көру-қимыл координациясын дамыту.	
7		Қуыршақтарға моншақтар	-Сағат тілінің бағыты бойынша айналып айтылған орынға отыру	Қол саусақтарының дамуы еліктеу бойынша кеңістікті бейімдеу.	Қаңтар
8	«Мен бейімдімін» Құм терапиясы	«Су джок» терапиясы «Сәлеметсің бе;құм!» «Ашуды жөнүші» құмжәшіктегі еркін ойын	Менің нұсқауымды тыңда: -Таяқшаларды жина -Дәндерді ыдысқа сал	Сөз тркестерін жәй сөйлемдерді түсінуге,тапсырмаларды орындауға үйрету.	
9		Саусақ жаттығуы «Доп» «Алақан»	Құмға саусақпен күнді допты салу	Саусақ жаттығуы арқылы сөйлеу тілін,қолдың моторикасын дамыту.	Ақпан
10		«Мен суретшімін» құмда еркін сурет салу	Маған қарап таяқшалардан «Фигураларды құрастыр»	Таяқшалардан қаланған пішіндерді таңуға үйрету	
11		«Қолға массаж жасаймыз» алақанды бір-біріне үйкелеу,допты,жаңғақты алақан арасына салып айналдыру	Күрінтің арасынан жасырынған заттарды тап? «Ол не?» ойынын ұйымдастыру	Қолдың моторикасын,сөйлеу тілін дамыту	
12		«Құмды құрылысшылар» кестетикалық құммен ойын	Жапсырмалармен жұмыс басу,ілу,ілгектеу. «Жыл мезгілдері»	Құрылыс конструкторымен қарапайым құрылыс құрастырып, кестетикалық құм арқылы	Наурыз

Біз біргеміз. 1.10.20. 8.10.20

Тақырыбы: «Достық жылы күлімдеуден басталады» ✓

Мақсаты: Баламен жылы қарым-қатынас жасау, сенімділігін нығайту.

Жұмыс түрі: Жеке жұмыс

Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу, Бір-бірімізге жылы мейіріммен қарауға үйрету.

Тапсырма: «Мен сені жақсы көремін»

«Өзіңді еркелетіп ата»

«Амандасу» жаттығуы.

Өртүрлі қалыңты қолмен қысып, күшақтап, қолмен шапалақ арқылы амандасу.

Пенхо нейро жаттығуы: Баланы шаршау процесінен арылту, қоңіл күйін көтеру мақсатында «Саусак» ойындарын ойнату.

Екі қоян орман іші

Жүгіреді, қапсады.

Өр жартастың арасына

Тығылам деп шаршады.

Саусақтармен қимыл жасату.

Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек.

Шүддір шүмек, кінкене бөбек.

Саусақтарды біртіндеп бұту арқылы жұдырық жасау. «Біз әрқашан біргеміз» деп балаға сенімділік беру.

Қорытынды: Ойындарымызды нысықтау.

Баланы мадақтау.

Баланың ұсақ қол моторикасын ойын арқылы дамыту 15.10.20, 22.10.20.

Тақырыбы: «Алақан»

«Доп» саусак жаттығулары.

Мақсаты: Жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру.

Қолдың саусак қимылдарының үйлесімділігін дамыту.

Тапсырма: «Сықырлы таяқшалар»

Таяқшаларды түсіне қарап ажыратып топтастыру.

«Алақан»

Екі алақанды беттестіре отырып, саусактардың ұшымен ұшы тигізіп сәлемдесу.

Бес саусактың ұшы бір-біріне тигізу арқылы «Сәлем, Сәлем» деп амандасу жаттығулары.

«Доп» алақанға кішкене допты салып жаттығулар жасау.

«Су Джок» терапиясын қолдану.

Қорытынды: Баланы мадақтау.

Тақырыбы: Себет 29.10.20 5.11.20

Әдістеме: «Үлкен және кіші»

Мақсаты: Суреттен үлкен және кіші заттарды анықтау.

Саусак моторикасын дамыту.

«Тыныс алу» жаттығулары

Мұрын арқылы баяу әрі терең тыныс ала отырып, қолымызды алдыға қарай тік баяу нық деңгейіне дейін көтереміз.

Демімізді шығармай ұстап тұрамыз.

Одан кейін алақанымызбен көз алдымызға шаршы бейнесін сала отырып, демімізді баяу шығарамыз.

«Саусак» жаттығулары.

Саңырауқұлақты теремін.

Себетке мен саламын.

«Үлкен және кіші»

Түрлі пішіндерді үлкен кішілігіне қарай топтастырып ажырата білуге үйрету.

Қорытынды: Баланы мадақтау.

Тақырыбы: «Көздірік» саусак жаттығуы 12.11.20 19.11.20

Тапсырма: Суретке қарап заттардың атын атап, оларды салыстыр.

Мақсаты: Тіл дыбыстарының дұрыс айтылуын үйрету.

Саусак моторикасын дамыту:

Баланың зейінін, қабілетін арттыру.

«Серіппе» жаттығуы

Көздерімізбен жоғарыдан төмен серіппені саламыз, содан кейін төменнен жоғары қарай саламыз.

«Көздірік» саусак жаттығуы.

Әже көздірік киді.

Әже маған қарады.

Картотека суреттер жиынтығы

Суретке қарап заттардың атын атап, салыстыру. Мысалы: Оралған жіп домалақ немесе доп домалақ деп.

«Оралма» жаттығуы

Қолдарымызды жоғары көтереміз, керілеміз.

Қолымызды созып оңға, солға бұрыламыз.

Қолымызды түсіреміз. (2-3 рет қайталаймыз).

Қорытынды: Баланы мадақтай отырып, келесі дағдыларға ынталандыру.

Тақырыбы: «Добым добым домала» 26.11.20 3.12.20

Әдістеме: Суретте не бейнеленген?

Суреттегі заттардың барлығының атын ата, сипаттама бер.

Мақсаты: Баланың сөйлеу процесін даму деңгейін, тіл дыбыстарының дұрыс айтылуын арттыру.

«Әніші» тыныс алу жаттығуы.

Терең тыныс алу. Қолымызды баяу көтереміз.

Демімізді шығармай ұстап тұрамыз.

А-ааа дыбысын дауыстау арқылы демімізді шығарамыз және қолымызды баяу түсіреміз.

Демімізді ішке тартамыз, қолымызды нық деңгейіне көтереміз.

Демімізді ұстап тұрамыз.

О-ооо дыбысын қатты дауыстау арқылы демімізді баяу шығара отырып, қолымызбен екі нығызды қапсыра күшәқтап, басымызды төмен түсіреміз.

«Суретте не бейнеленген?»

Суреттерді қору арқылы жан-жануарларды сипаттау және қалай дыбыс шығаратынымен бөлісу. Мысалы: Жылқы, сиыр, ешкі, қой т.б.

«Добым добым домала» дөңгәрімен ойын

Қағазбен жұмыс. Қағазды ұмаждап дөңгәрі жасау.

Қорытынды: Баланы мадақтау.

Үсәк моторика 10.12.20 17.12.20

Қолдың қимыл үйлесімділігін және зейінін дамыту ойындары.

Тақырыбы: Саусак жаттығуы «Қоян»

Әдістеме: Жапсырылған зат. Ол не?

Күріш арасына жасырынған заттарды іздеп табу.

Мақсаты: Заттарды сипаттау, саусак қимылдарының үйлесімділігін қалыптастыру, сөйлеу әрекетін дамыту.

Саусак жаттығуы «Қоян»

Қоян отыр қорқақтап.

Құлақтары жыбырлап.

1-2-3 тұрды.

Оңға солға бұрылды. (Қимылдар жасау).

Арнайы ыдысқа салынған күріштер. Күріш арасында майда заттар бар. Балалар саусақтарымен іздеп, күріш ішінен затты тауып алып, сипаттау.

«Қоян» жаттығуы

Қолдарымызды бүгін кеуде тұста ұстаймыз. Мұрын арқылы баяу тыныс ала отырып, екі қолды созамыз. Ішкі демімізді тартамыз.

А-аа дыбысын дауыстау арқылы ауыздан демімізді шығарамыз.

Қорытынды: Баланы мадақтау.

24.12.20  
7.01.20

Тақырыбы: Қол моторикасын дамытатын жағтығулар.

Ұйымдастыру кезеңі: Баланың таным процесін дамыту.

Мақсаты: Баланың қабылдауын, ұғынуын, зейінін дамыту, саусақ қимылдарының үйлесімділігін қалыптастыру, сөйлеу әрекетін арттыру.

Баулармен ойындар

Сенсомоторлық бағдарлауды, ұсақ моториканы, жазықтықты бағдарлауды, жоғары төмен, оң сол ұғымдарын игеруге көмектесу, тілді дамыту, зейінді тұрақтандыру, қол белсенділігін, икемділігін арттыру.

Әдістеме: «Не жетіспейді?»

Әр суретке мұқият қарап, берілген суретте не жетіспейтінін анықтау.

Мысалы: Қоян бір құлағы жоқ, стол бір аяғы жоқ т.б.

«Жоғалған ойыншықты тап» ойыны

Баланың ес пен зейінге назар аударуға білу іскерлігін дамытуға бағытталған.

Қорытынды: Баланы мадақтау, ынтасын арттыру.



14.01.21 21.01.21

Тақырыбы: Қолдың қимыл үйлесімділігін, зейінді дамыту ойындары

Әдістеме: «Жасырынған заттар»

Суреттегі заттарды атап бер.

Мақсаты: Кескіні бойынша бейнесін тұтас қабылдауын, ұғынуын анықтау, зейінін дамыту, ұсақ саусақ моторикасын дамыту.

Балаға ойыншықтар көрсетіледі. Бала көзін жұмады, ойыншықтар біртіндеп алынып отырады. Бала алынған ойыншықты тауып, атап атайды. Бұл ойында баланың ес пен зейін, назар аудару білу іскерлігін дамытамыз.

Дәндермен жұмыс.

Ыдыстағы екі түрлі дәндерді, екі бөлек ыдысқа жинау.

Саусақ қимылдарының үйлесімділігін арттыру.

Сергіту жаттығуы

Қорытынды: Баланы мадақтау.

Қызыл,жасыл,көк түстермен таныстыру.

28.01.21 11.02.21

Мақсаты:Баланы түспен таныстыру,түсті ажырата білуге баулу.

Сабақ түрі:Ойын сабақ

Ұйымдастыру бөлімі:Сәлемдесу

Қоңіл күйін көтеру

**Ажырату,атау,жүйелеу.**10Қызыл,10көк,10 сарысакиналар пирамидадан немесе үгеас заттардың кез-келген тобынан тұрады,олардың әрқайсысының ішінде заттар кез-келген белгінің ауырлық дәрежесінде ғана ерекшеленеді(мысалы,мөлшері),бірақ түсі бірдей:1қызыл,1көк,1сары таяқша(немесе доп);түрлі-түсті дақтары бар қағаз парақтары;арнайы таңдалған дидактикалық материал.

**Жіктеу ойыны.**Балалар жүн құрады.Мұғалім әр екі ойыншыға қызыл,көк және сары түстердің түрлі суреттері салынған қағаз парақтарын таратады.Парақтағы кескінің қандай түсті екенін анықтағаннан кейін,балалар пирамидалардың сакиналары араласқан үстелге жақындайды(қызыл,көк және сары түстерде бар.Қызыл түске боялған парақтары бар балалар барлық қызыл сакиналарды,көк түспен барлық көк сакиналарды және т.б. таңдауы керек.

Ойын соңында балалар түрлі –түсті сакиналардан(квадраттар,үшбұрыштар,тектірелер)пойыз жасайды және бұл туралы Жеке вагондардың түстерін атайды.

**Атау ойындары.**Бала немесе тәрбиеші қолындағы таяқшаны немесе шарды(қызыл,көк немесе сары)жасырады және балаларға қандай жасырылғанын болжауды ұсынады.

**Жүйелеу ойыны.**Мұғалім еркін ойынға арналған дидактикалық жиынтықты(Мысалы:мозайка немесе құрылыс материалы)орналастырады және балаларды түстерді атауға шақырады.Осыдан кейін балалар материалды түсі бойынша жүйелейді.

**Қорытынды :**Жұмысын бағалау.Баланы мадақтау.

11.02.21 18.02.21

Кору,есту,тактильді-қимылдық қабылдауын,зейінін дамытушылығын арттыру.

**Мақсаты:**Баланың қимыл-қозғалысын дамыту тапсырманы зейін қоя отырып бағдарлауға бейімдеу.

**Жұмыс түрі:**жеке

**Үйымдастыру кезеңі:**Баланың көңіл-күйлерін көтеру арқылы оқуға деген қызығушылығын арттыру.

1. **«Оркестр» « Ол қандай дыбыс?»** Мақсаты:Карнайым музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу қабілетін қалыптастыру,есту,есте сақтау қабілетін дамыту.

1-опция. Психолог аспаптардың дыбысын шығарады(құбыр,барабан,қоңырау және т.б.) Балалар тыңдап болған соң «Мен сияқты ойна» дыбысын қайталайды.

2-нұсқа.Психологта үлкенді-кішілі барабан бар,балаларда үлкен кіші шенбер бар.Біз үлкен барабанды қағып,айтамыз ата-ана, кішкентай тят-тям.Үлкен барабанда ойнаймыз,үлкен шенбер көрсетін ән айтамыз онда-онда-онда,кішкентайымен де. Содан кейін кездейсоқ психолог барабандарды көрсетеді,балалар кружкаларды көтеріп,қажетті әндерді айтады.

2. **«Қайда дыбыс талатынын анықта?» «Кім шапалақтады?»** Мақсаты:Дыбыс беретін заттың орнын анықтау,есту зейінінің бағытын дамыту.

1-нұсқа. Балалар көздерін жұмады.Психолог үнеіз шетте тұрады(артқы,алдыңғы ,сол,оң) және қоңырауды соғыңыз.Балалар көздерін ашпай,дыбыстың қайдан шыққанын қолдарымен көрсетеді.

2-нұсқа.Балалар әр жерде отырады,жүргізуші таңдалады,көздері жұмылады.Балаларды бірі психологтің белгісі бойынша қол соғады,жүргізуші кімнің шапалақтағанын анықтауы керек.

**«Суретті тап»**Психолог баланың немесе балалардың алдына жануарлар бейнеленген суреттер сериясын қояды(ара,қоңыз,мысық,ит,әтеш,қасқыр т.б.) және сәйкес ономотопеяны

шығаралы. Келесі кезекте балаларға ономапоня арқылы жануарды анықтау және оның бейнесі бар суретті көрсету тапсырмасы беріледі.

Қорытындылау: Баланы мадақтау.

25.02.21 4.03.21

Табиғат әлемі, құбылыстары, жыл мезгілдері туралы түсінік қалыптастыру

Жыл мезгілдері

**Мақсаты:** Балаларға табиғаттағы құбылыстар жөнінде жалпылама және нақты түсініктерді қалыптастыру. Жылдың төрт мезгілін айыра білу дағдыларын бекіту.

«Тірі және өлі табиғат» ойыны

Балалар, сендер жыл мезгілдерін таптыңдар, енді «Тірі және өлі табиғат» деген ойын ойнап жіберейік. Бұл ойында мезгірі табиғатты айтқанда қол шапалақтайсыңдар, ал өлі табиғатты айтқанда аяқтарыңмен топылдатасыңдар. Доңсиеленіп тұрайық.

Қарлығани (Қол шапалақтау)

Тау (Аяқпен топылдату)

Ағаш (Қол шапалақтау)

Күн (Аяқпен топылдату)

Қоян (Қол шапалақтау)

Су (Аяқпен топылдату)

Ал енді, балалар біз екі топқа бөлініп өзімізге ұнайтын жыл мезгілдеріне байланысты 1-топ жапсырамыз, ал 2-топ сурет саламыз.

Балалар, мына жерде алдын ала боялған қағаздар бар, қыс және көктем мезгіліне көкшіл қағаз, күз мезгіліне сарғыш, ал жаз мезгіліне жасылдау қағазды таңдаймыз.

«Жыл мезгілінің бөлігін тап» ойыны

Балалар шапшылып жатқан бөліктерді құрау арқылы төрт жыл мезгілін шығарады. Кім қандай жыл мезгілін құрағанын айтып береді.

Балалар тақтаға сендердің салған, жапсырған суреттеріңді ілін қойдық.

Қане, қай сурет ең әлемі шыққан, өздерің айтыңдаршы. Балаларға талдату.

(Кімнің салған суреті, қай жыл мезгілін салған, жапсырғанын сұрау, мақтау)

**Қорытынды бөлім:** Баланы мадақтау. Жұмысты түсінгенін бақылау.

11.03.21 , 18.03.21

**Пішін, көлем, түр-түсті қабылдауын анықтау**

**Мақсаты:** Баланың пішін, көлем, түр-түстерін қабылдауын анықтау

**Көрнекіліктер:** Геометриялық пішіндер

**«Вагондарға дөңгелек таңдау»**

Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табуы тиіс.

**«Үй құрылысының ретін көрсет»**

Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.

**Пішіндердің бұрыштарын санаймыз**

Мазмұны: Пішіндердің бұрыштарын санау. Үшбұрышта үш бұрыш, үш кесінді бар. Төртбұрышта төрт бұрыш, төрт кесінді бар.

Дөңгелекте бұрыш бар ма?

Дөңгелекте бұрыш жоқ.

Пішіндердің түстерін ажырату. (сары, қызыл, жасыл)

**Таяқшалардан пішіндерді құрастыру**

Мазмұны: Таяқшаларды түстеріне қарай санау. Үш сары таяқшадан үшбұрыш құрастырамыз. Жасыл дөңгелекті табу. Бірдей пішіндерді жалға. Пішіндердің түсін, көлемін ажырата отырып бірдей пішіндерді жалғау.

Қорытындылау: Түйсіктерін бақылау. Суреттерді ойыншықтардан ажырату арқылы бағалау.

## Психикалық үдерістерін дамыту

25.02.21  
1.04.21

Мақсаты: Баланың психикалық үдерісін дамыту

Сәлемдесу: Балаларды сәлемдесу арқылы жұмысқа қызығушылығын арттыру.

Мақсаты: Балаларды бір-бірімен жақын тартуға бейімдеу.

### «Дауысынан таны»

Мақсаты: Еркін зейін салу қабілетін дамыту.

Жүргізуші: Орманда аласын қалмау үшін біз бір-біріміздің дауысымызды жақсы білеміз бе, оны тексерейік. Балалар шеңбер құрып тұрады, шеңберді жүргізуші теріс бұрады. Барлығы ыбылдан ән салады: Әлия сен қазір ормандасың, біз саған «Ауу» деп айқайлап жатырмыз. Көздеріңді қатты жұмып, сені кім шақырғанын айт. Ойыншылардың бірі жүргізушінің есімін атайды, жүргізуші оны танып, оның кім екенін айтады. Бұл ойын 2-3 рет қайталанатын.

Тақырыбы: «Төртінші артық» әдістемесі

Мақсаты: Маньязы белгілерін бөліп көрсете білуін диагностикалау.

Тәжірибені жүргізуге үлестірме дайындалады. Үлестіруге белгілері ортақ 3 заттың суреті салынады, ал төртінші зат артық болады. Бала осы төрт заттың ішінен белгісі ортақ 3 затты бөліп алып, артық затты алып тастауы керек. Үш зат табиғатынан өзара ұқсас, ортақ белгілеріне қарап оларға бір атау беруге болады, ал төртінші зат артық.

Қорытындылау: Түзету-дамыту жұмысында жасаған жаттығулары мен жұмыстарын мақтап бағалау.

Мен бейімдімін!

8.09.20  
15.04.21

**Күм терапиясымен жұмыс дағдысын қалыптастыру**

**Сәлеметсіз бе, күм!**

Мақсаты: Психофизикалық қарығтылықты төмендету.

Ойын барысы: Психолог әртүрлі «күммен сәлемдесуді» өтінеді, яғни әртүрлі әдістермен күмге қол тигізу. Бала: кезекпен қолының саусақтарымен күмге қол тигізеді, содан соң екінші қолымен, сосын барлық саусақтарымен бір мезгілде қол тигізеді;

Женіл қауырттылықпен күммен жұдырықтарын қысады, содан соң оны баяу күмжәнікке төгеді;

Күмге бар алақанымен ішкі, содан соң сыртқы жақтарымен жанасады;

Күмді саусақтары алақан, дары арасымен уқалайды.

Соңғы жағдайда күмге кінкене ойыншықты тығып қоюға болады;

«Сенімен күм тұрғындарының бірі сәлемдескісі келеді- »

Үлкен балалар өз сезімдерін салыстырып және сипаттайды: «жылы-суық», «жағымды-жағымсыз», «тікенді-кедірлі» және т.б.

**«Күмдағы өрнектер»**

Мақсаты: Көз қозғалысын, жіктелу үрдісін, қиялын дамыту

Жабдықтар: Күмжәнік, миннаторлы қалыптар

Дымқыл күмда өрнектер, жолақтар анық көрінеді, оларды жіктеу ойындарында пайдалануға болады. Мысалы: толқынды жол бойымен адамдар жүреді, түзу жолмен машиналар жүреді, ал дуалда құстар отырады-бала қажетті қалыпты немесе суретті таңдап және көрсетілген жолаққа қояды. Сонында «Кім?, қайда?, не үшін? және болды?» бес сюжетті дамытып және шағын ертегі шығару. Дымқыл күмда анық жүздерді салуға болады, балаларды адам сезімін: қуаныш, мұң, ашу, қорқыныш, таңдануды графикалық белгілеуге үйрету.

**«Күмді құрылыстар»**

Мақсаты: Кеңістік ұғымын бекіту, есту және қору жадысын дамыту.

22.04.21

29.04.21

Жабдыктар: Күмжәшік, шағын қалыптар

Ойын барысы: Тәрбиеші, күм әлемінің тұрғындары сені оларға үй салуға көмектесуін сұрайды.

Бастанқыда күмде осы немесе басқа үй қайда салынатынын белгілеу қажет. Мысалы: бауырсақ доңгелек пішінді үйді, жираф тік бұрышты, ал бегемот төрт бұрышты үйде тұрғысы келеді. Күм тұрғындарына көмектес. Жоғары оң жақ бұрышта бегемотик тұратын болады. Керекті қалыпты таңдап алып және таңба жаса. Осылай ересек адам балаға күмжәшіктің барлық тұрғындарын қоныстандыруға тапсырма береді. Тапсырманы көп кейінкерлер санын енгізу жолымен күрделендіруге болады. ересек адамның салған жоспары бойынша ойыншықтарды қоныстандырады.

Қорытындылау: Балаларды мадақтау.

6.05.21, 12.05.21

### **Күм терапия әдісі арқылы баланың сенсорлық дағдысын қалыптастыру**

**Мақсаты:** Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығарманылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру.

**Сабақ түрі:** Саяхат

Психолог: Біздің күмсалғын жартылай күммен толтырылған, сондықтан шеткі бөлігі, борттары көрініп тұр. Қалай ойлайсыз бұл неге керек? Күм сыртқа тоғілмеуі керек. Майда ойыншықтармен таныстыру. Қараңыз мұнда көптеген әртүрлі жануарлар бейнесі. Оларды мұқият қарап шығыңыз, қолыңызға ұстап көріңіз.

Күмсалғыннен жұмыс барысында кейбір ережелер бар:

Күмді әдейі күмсалғыннан лақтырып тастауға болмайды.

Оны ауызға салуға болмайды.

Ойын аяқталғаннан кейін бар ойыншықтарды орнына қою керек.

Ойыннан кейін қолды жуу керек.

**Жаттығу: « Сәлем күм»** Алақаныңызды күмге қойыңыз. Оны алақаныңыздың ішкі жағымен, содан кейін сыртқы жағымен сипап көрейік. Күм қандай? (келдір-бүдір, жұмсақ, күрғақ, жылы, шашыраңқы) Енді қолымызға күмді алып қатты қысып, жайлап оны жіберейік. Ал, енді бір-біріміздің алақанымызды күммен көмеміз.

**«Күм жасырынбағы» жаттығуы** Күмнің үстінде орналасқан жан-жануарлардың бейнесіндегі ойыншықтарды атап қолымен ұстап көреді. Өзіне ұнайтын жануардың атын атап, сипаттап береді. Психолог балаға көзін жұмуды өтінеді. Ойыншықтар күм астына жасырынады. Баланың көзін ашып күм астынан өзі жақсы көретін жануардың бейнесін табуын өтінеді. Психолог айтқан басқа да ойыншықтарды табады. Күмді саусағымен қазып, қылқалам қолдануға, күмді үрлеуге болмайды. Психолог пен бала орындарын ауыстырады. (Бала ойыншықтарды жасырса, психолог ойыншықтарды табады.

Қорытынды бөлім: Күм елінде көрген заттарды атау. Баланы мадақтау.

20.05.21  
27.05.21

## **Қол моторикасын дамытатын жаттығулар**

**Үйымдастыру кезеңі:** Баланың таным процесерін дамыту

**Мақсаты:** Қолдың ұсақ моторикасын дамыту маңызды роль атқарады, жалпы даму мектеп жасына дейінгі балалар, саусак қимылдарының үйлесімділігін қалыптастыруға мүмкіндік береді, сойлеу әрекетін дамытады, баланы мектепке дайындайды, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

**Баулармен ойындар:** Сенсомоторлық бағдарлауды, ұсақ моториканы, жазықтықта бағдарлауды, жоғары, төмен, оң, сол ұғымдарын игеруге жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейінін тұрақтандырады, қол белсенділігін, икемділігін арттырып, қолды босансытады.

**Қысқыштармен ойындар:** Қысқыштармен ойналатын ойындар өте нәтижелі. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді. Түрлі түсті қатты қағаздардан дөңгелек жасап, сондай түсті қыстырғыштарды қыстыра, гүлдер пайда болады.

**Сурет салу:** Сурет салу-барлық балалар жақын көретін, пайдалы ісі. Қарындаш, қылқаламмен паракта, қатты қағазда сурет салу қатып қалған қағазда емес. Қарда, құмда, терлетен терезе бетіне асфальтта сурет салуға болады. Алақанмен, мақталы таяқшалармен, коконістер бастырмаларымен және т.б. әдістермен, яғни бейнелеудің дәстүрлі емес техникалары арқылы сурет салу өте пайдалы, әрі қызықты. Балаға әр түрлі пішіндерді тік сызықпен салуға, суреттің үзік сызық бойымен жүргізу, үлгімен сурет салу, суреттің аяқталмаған екінші бөлігін салу-шығармашылық қабілетті, есте сақтау қабілетін, түсті қабылдауды дамытады.

**Ермексазбен ойын:** Ермексаз баланы дамытатын әр түрлі қызықты ойындар өткізуге мүмкіндік береді. Балалар ермексазды қолмен жібітеді, саусакпен бөліп алады, домалатады, ширатады, ермексазды қалауыныша қалыңқа келтіреді және кез-келген уақытта ермексазды бүлдіріп алам деп қорықпастан жұмысына өзгеріс енгізеді, ол өз ісіне деген сенімділік тудырады.

**Қағазбен жұмыс:** Жай қағаз үлкен мүмкіндіктерге ие. Қағазды кішкентай бөлшектерге жыртып, бөлшектерден сурет салуға болады. Қағазды умаждап допқа айналдыруға болады. Қағазды қыркуға болады. Оригами өнерінің пайдасы ұшан теңіз.

**Қорытындылау:** Балаларды мадақтау.